

Каковы соображения Н.Я. Берковского о концепции красоты у русских классиков? Удалось ли ученому объяснить в реальном социально-историческом и эстетическом контексте те особенности русской литературы, которые в оценках западноевропейских писателей и критики получали неверное освещение?

Осмысление историко-литературных построений Н.Я. Берковского, его выводов о том, что для русской классической литературы характерен «поэтический подход к миру, неразрывно связанный с высокой человечностью, демократизмом, близостью к трудовой жизни, интеллектуальным и нравственным исканиям общества и народных масс», поможет предупредить в школе, вузе те или иные деформации личности, услышать голоса классиков, чтобы сообща найти наше будущее.

Русская классика связана с национальным самоутверждением, с казахстанской культурой и литературой. Она отвечает на новый вызов времени: общечеловеческое единство, братство.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на XVI сессии Ассамблеи народа Казахстана // Страна и мир. – 2010. – №42.
- 2 Газета «Литературная Россия». – 4 января, 1991.
- 3 Независимая газета. – 21 декабря, 1990.
- 4 Розанов В.В. Опавшие листья. Короб первый // Розанов В.В. Том 2. Уединение. – М., 1990.
- 5 Берковский Н.Я. О мировом значении русской литературы. – Л., 1975.

ЖАЙ СӨЙЛЕМ СИНТАКСИСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Жусупова М.М.,

№63 орта мектебі Астана қ., Қазақстан

Қазан төңкерісіне дейін түркі тілдерінің барлығының да синтаксистік құрылысы жөнді зерттелмеді. Практикалық грамматикалардың кейбіреуінде ғана болмаса, сөйлем құрамына енетін сөздер қалай орналасады, қай сөз табы қандай синтаксистік қызмет атқарады, сөйлем мүшелері бір-бірімен қалай байланысады дегендер тәріздес жеңіл-желпі мәселелерді ғана сөз еткендер болмаса, синтаксистің объектісін айқындау, синтаксистік категорияларын ғылыми тұрғыда талдау дегендер болмады. Синтаксистік категория мен морфологиялық категориялардан ара жігі ашылмай, араластырылып, бірінің ішінде бірі қаралып отырылды. Осы мәселеге байланысты «Советская тюркология» журналы редакциялық мақаласында «Дореволюционная тюркология располагала лишь фрагментарным описанием синтаксиса некоторых тюркских языков, в первую очередь исследованиями синтаксических функций морфологических категорий» деп жазды.

Жалпы түркі тілдері синтаксистік құрылысының кеңес дәуіріне дейінгі зерттелу дәрежесінің қандай болғандығын білдіретін бұл сипатты түгелдей қазақ тілі синтаксисінің зерттелу жайы туралы да айтуға болады. Кеңестік құрылыс орнағанға дейін жарық көрген 7-8 грамматикалық оқулықтың тек екеуінде ғана (Мелиоранский мен Катаринскийде) синтаксистік категориядан гөрі морфологиялық категориялардан көбірек сөз болатыны жоғарыда айтылған /2/.

Синтаксис мәселелерінің едәуір көлемде қамтылған түрі 20-жылдар ішінде жазылған оқулықтарда кездеседі. Қазақ тілі білімінің басқа да салалары сияқты синтаксиске қатысты алғашқы пікірлерді де, оның ғылыми терминдерін де А. Байтұрсыновтың «Тіл құралдарынан» кездестіреміз. «Үш жылдық» деген қосымша анықтағышы бар осы оқулығында Ахмет Байтұрсынұлы сөйлеу мен сөйлем, сөйлем мен сөз, қазірде қолданып жүрген тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер, олардың түрлері, әр мүшенің грамматикалық белгілері мен орналасу

тәртібі, қай сөз таптарынан болатындығын баяндаған. Жай сөйлемдерді өз ішінен толымды, толымсыз, болымды, болымсыз, хабарлы, лепті, сұраулы, тілекті, бұйрықты деп бөлген.

А. Байтұрсынұлы 1925 жылы Қызылорда қаласында басылып шыққан «Тіл - құрал» атты еңбегінің өзінде «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» десе, онда ғалым тілге дұрыс анықтама берген дей отырып, қолданылып жүрген синтаксистік қағидалардың алғашқы авторларының ұстазы болғанын байқатады /3/. Осы орайда А. Байтұрсынұлы: «Сөйлем дегеніміз – сөздердің басын құрастырып біреу айтқан ой. Сөйлегенде жазғанда кім де болса ойын айтады. Ойын айтуға тиісті сөздерді алады да, олардың басын құрап, біріне-бірінің қырын келтіріп, қиюластырады. Қыры келетін сөздер, тұрған күйінде алса да, қиындаса қалады. Қыры келмейтін сөздерді қиындастыру үшін қырларын өзгертіп қиюын келтіреміз», – дейді /4/. Келтірілген дерекке зер салсақ, ғалым сөйлемнің табиғатына үңіле отырып, оның құрамын да талдағаны көрініп тұр.

А. Байтұрсынұлы өз зерттеуінде күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан грамматикалық терминдерді енгізді. Солардың қатарына «сөйлем мүшелері», «бастауыш», «баяндауыш», «анықтауыш», «толықтауыш», «пысықтауыш», «болымды сөйлем», «болымсыз сөйлем», «толымды сөйлем», «толымсыз сөйлем», «жалаң сөйлем», «жайылма сөйлем», «сұраулы сөйлем», «лепті сөйлем», «жай сөйлем», т.б. көптеген атаулар жатады. Бұлардың қазақ тілі табиғатына үйлесімді екенін мойындау керек.

Ғылым синтаксис мәселесін зерттей отырып, оның табиғатын дұрыс түсіндіріп, грамматикалық құрылымызды жете білуге жол салды.

А. Байтұрсынұлы жай сөйлемді синтаксистік ғылыми тұрғыда қарастыру үстінде дұрыс тоқтам жасайды. «Сөйлем мүшелері тұрлалы, тұрлаусыз болып екіге бөлінеді», – дейді де, сол пікірін дәлелдеу үшін сенімді де нанымды дәлелдер келтіреді. Ғалымның ойынша сөйлемде қалмай айтылатын сөздер немесе қалса да қалғандығы сезіліп тұратын сөздер тұрлаулы мүше болады да, «сөйлем ішінде бірде болып, бірде болмайтын сөздер немесе керек болған жерде айтылып, керек болмаған орында айтылмай қалып тұрған сөздер, түсіп қалғанда, қалғандығы ашық сезілмейтін сөздер тұрлаусыз мүше деп аталады». Осы тұжырым күні бүгінге дейін өзінің мәнін жойған жоқ. Бұдан кейінгі зерттеушілер де А. Байтұрсынұлының ережелеріне сүйініп келеді. Бұның өзі қазақ тіл білімі ғалым-зерттеуші бастаған дәстүрлі толықтай жалғастырып келе жатқанын көрсетеді.

Ұлы тілші-ғалымның еңбектері жасырын ұсталғанымен, оның ізбасарлары сол атауларды сақтай отырып, кейбір өзгерістерімен келесі ұрпаққа да жеткізіп отыр. Мұның өзі тіліміздің грамматикалық құрылысы берік, өз қолдаушысының ақыл-ойының сығындысы, ұзақ мезгілге сақталатын қорытындысы екенін, екенін, баяу өзгертін заңдылықтар жиынтығы екенін байқатады.

Біздің байқауымызша, Ахмет Байтұрсынұлы, әсіресе, жай сөйлем синтаксисін үлкен білгірлікпен зерттеген жан. Оған дәлел сөйлем мүшелеріне берген талдаулары мен тұжырымдарынан кінәрат табу қиын. Мәселен, бастауыш пен баяндауыштың, өзге тұрлаусыз мүшелердің жасалу жолдары жөніндегі дәлелдерін сенімді де жүйелі баяндайды. Тіпті синтаксистің осы саласы өзінен кейінгі зерттеулерден әдістемелік жағынан көш ілгері жатыр деп айта аламыз. Мәселен, «Толықтауыш деп нәрсе амалын, жайын, болмысын толықтыру үшін айтылатын сөзді айтамыз, сөйлем ішінде нәрсенің амалын, жайын, болмысын айтатын сөз көбіне баяндауыш. Солай болған соң, толықтауыш көбінесе баяндауышты толықтауы үшін айтылатын сөйлем мүшесі болып шығады».

Мысал үшін «**Мерген құс атты**» деген сөйлемді алайық. **Кім атты? – мерген. Мерген не қылды? – атты. Не атты? – құс.** Мұнда «мерген» деген сөз бастауышы, «атты» деген сөз баяндауыш. «Құс» деген сөз не болмақшы? Мұнсыз не болатын білу үшін «құс» деген сөз неге айтылып тұрғанын ашу керек, тегінде неменеге керек болғанын айтылып тұрғанын айтылып тұрғанын білу керек. Оны білу үшін «құс» деген сөзді тастап, тіпті айтпай қоя тұрып қарау керек. Айтпағанда келетін кемшілік бар ма екен? Ол қандай екен? «**Құс**» дегенді қалдырып «**мерген атты**» деп қана қойғанда, мерген атқанын білеміз, нені атқанын білмей-

міз. Екінші сөзбен атқанда, мергеннің амалын ғана білеміз, ол амалын неге жұмсағанын білмейміз. «**Атты**» дегенде нені атқаны белгісіз, сөйлемнің жетпей тұрған жері бар: амал неге жұмсағанын айтпай тұр, сөйлемде кемістік бар. Сол кемістікті толтыратын сөз – «**құс**», «**құс атты**» дегенде мерген амалын неге жұмсалғаны мағлұм болады. «**Құс**» деген сөздің жоқтығынан «**атты**» деген сөзде келіп тұрған кемшілік жоғалады».

Байқап қарасаңыз, сөйлемнің толықтауыш мүшесін түсіндіруде ғалым шеберлікпен дәлелдер келтіріп, оқушысының көзін жеткізеді. Жай сөйлем мүшелерінің жасалу жолдарын да дұрыс бағдарлаған. Тіпті кейбір реттерде қазір назардан тыс қалып жүрген ерекшеліктерді Ахмет Байтұрсынұлы сол кезде-ақ байқағанын айтпасқа болмайды.

Сөйлемдер сөйлем мүшелері орналаса алатын абстрактілі модель-схема. Бұл модель еркін құрастырылатын болғандықтан, лексикалық мағыналық жағынан еркін толықтырылады да, бұл конкретті фразалар нақты коммуникативтік жағдай контексттерге қолданылады. Сөйлемдерді ішкі құрылысы бойынша зерттеу осы позицияларды қарастырудан шығады.

Әуелі позицияның тұрлаулы-тұрлаусыздық сөйлемге қатысты айқындалады. Егер сөйлем құрылысында бұл позициялар үнемі қатысып тұруы керек болса, оларсыз сөйлем болмайтын болса, бұл позицияларды тұрлаулы деп анықтайды. Егер бұл позицияларсыз да сөйлем құралатын болса, тұрлаусыз деп атайды. Сөйлем тек қана тұрлаулы позициялар құралған болса, оны жалаң сөйлем, тұрлаусыз позициялар да қатысып тұрса, оны жайылма сөйлем деп атайды.

Жай сөйлем синтаксисін жазғанда Ахмет Байтұрсынұлы қолма-қол ереже ұсынудан гөрі сол тұжырымға әкелгендей дәлелдерді келтіруге әуестік танытады.

30-жылдар ішінде бастауыш кластарға арналған 3 жылдық (авторы – Т. Шонанов), 4 жылдық (С. Аманжолов басқарған) атты грамматикалық оқулықтар, синтаксис мәселелеріне арналған 20-дай мақала бір жинақ, отызыншы жылдың екінші жартысында орта мектептерге арналған екі оқулық шығарылды.

«Ауыл мұғалімі», «Халық мұғалімі» журналдары беттерінде жарияланған мақалалардың басым көпшілігі сөйлем мүшелерін айқындай түсуге арналды. Бұл мақалалардың тең жартысына жуығын жазған авторлар- Х. Басымов пен С. Жиенбаев, С. Аманжолов. Бұл еңбектердің қай-қайсысы болса да бұрын барды кеңірек талдап, тереңірек түсіндіруден, практикалық грамматика шеңберінен шыға алмады. Ол дәуір үшін, қазақ тілі білімінің әлі буыны беки қоймаған балаң шағы үшін, осылардың өзі де үлкен іс болатын.

Морфологияға қарағанда синтаксис ұсақ категорияларының саны жағынан да, жіктеу түрлері жағынан да әлдеқайда ықшамды, жинақы. Сондықтан да болар мұнда терминологиялық, классификациялық ала-құлалықтар кездесе бермейді. Бұл саладағы пікірлерталасы сөйлемді мүшеге жіктеуде, сөйлем мүшелерін түрге бөлуде кездеседі. Ондай қайшылықтар 30-жылдар ішінде жарық көрген оқулықтарда да, ғылыми мақалаларда да кездесіп отырады.

Қазақ тілі синтаксисіне елеулі еңбек сіңірген ғалым С. Жиенбаев болатын. Оның жай және құрмалас сөйлем мәселелеріне арналған құнды зерттеулерінің қатарында сөз тіркеі бөлек талданбайды. Бірақ «үйірлі мүше» деген атпен қай сөздің қандай сөздермен топ құрай алатыны жөнінде айтқандарының сөздертің толықтауыш, пысықтауыш қызметтерін айыру жөнінде дәлелдерінің есімді, етістікті сөз тіркестеріне қатысы бар. Синтаксиске байланысты жазылған мақалалардың алғашқысы, негізінде, сөйлем мүшелерін талдауға арналды дедік. Ондай мақалалар 30-жылдардың орта тұсынан бастап көріне бастады. «Ауыл мұғалімі» журналының 1935 жылғы 7-санында С. Жиенбаевтың «Сөйлемнің үйірлі мүшелері туралы» деген мақаласы жарияланды. Автор үйірлі мүшені танытатын үш түрлі белгі бар дейді де, оларға а) үйірлі мүше тобымен жүреді, бірінен-бірі айырылмайды, ә) интонациялық жақтан жай мүшелер сияқты, б) өзіндік паузасы жоқ дегендерді келтіреді. Осы мақала бірлі-екілі қоспаларымен 1936 жылы «Труда казахского института национальной культуры» дейтін жинақта қайта жарияланды. Үйірлі мүшеге берген анықтамасын, келтірген мысалдарына қарағанда, автор күрделі мүше мен үйірлі мүшені бір-бірінен бөлмейді, екеуін де үйірлі деп атайды.

Мектеп тәжірибесінен ұлғайған ой-пікірлер профессор С. Аманжоловты да «Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы» жазуға итермеледі. Бұл студенттер үшін жазылған бірінші оқу құралы болғандықтан және автордың синтаксис мәселелерін ғылыми тұрғыдан баяндау мақсатын көздегендіктен, кезінде филолог-студенттердің қажетіне жаратық. Бірақ автор ол кітапта сол кездегі «жаңа ілім» қағидаларын қазақ тілі синтаксисімен ұштастырмақ болды. Сөйтемін деп синтаксистің біраз мәселелерін теріс түсіндірді. Сонымен қатар сол кітапта қазақ тілі материалдарына сүйеніп айтылған, дұрыс қорытқан да мәселелер бар. Оларды соңғы жылдары басқа авторлармен бірлесіп жазған орта мектеп оқулығынан тиісті орын алды. 1953 жылы шыққан орта мектеп синтаксисінде авторлар сөйлемге анықтама берген.

Аталған жинақта С. Аманжоловтың «Сөйлем мүшелерін таптастыру мәселелері» деген мақаласы жарияланды. Мақалада автор сөйлемді мүшеге талдаудағы логикалық, психологиялық бағыттарды Н. Марр ілімі тұрғысынан сынайды. Бірақ автордың сыны оғаштау болып шыққан.

Сөйлем мүшелерін талдауға арналған Х. Басымов мақалалары да 30-жылдардың аяқ кезінде «Ауыл мұғалімі», «Халық мұғалімі» журналдары беттерінде жарияланады. Пікір қайшылықтарынан бұлар да құралақан емес.

Орта мектепке арналған оқулық 1936 жылы шығарылды, оқулық авторы Қ. Жұбанов жай сөйлемдерді мағынасына қарай және құрылысына қарай жіктейді. Бұл жіктеудің 20-жылдардағыдан, яғни А. Байтұрсыновтан өзгешелігі – онда «тілекті», «бұйрықты» деп аталған, алдыңғыда «болымды, болымсыз сөйлем» дегендер соңғыда жоқ, 20-жылдардағы оқулықтарда сөз болмаған жақсыз сөйлем соңғы автор жасаған оқу программасында «иесіз сөйлем» деген атпен жай сөйлем құрамына енгізілген.

1939 жылы С. Аманжолов пен Н. Сауранбаев авторлығымен шығарылған «Қазақ тілінің грамматикасы» атты оқулықтан бастап атаулы сөйлем қосылды. Сөйтіп, 30-жылдардың аяғына дейін жай сөйлемдердің қазірде аталып жүрген түрлерінің барлығы да тегіс қамтылды. Сондай-ақ, сөйлем мүшелерінің құрылыс сипаттары-күрделі, үйірлі, бірыңғай мүше дегендер де, кейінде синтаксистің күрделі бір саласы ретінде қаралып жүрген сөздер тіркесі жөніндегі бастама пікірлер де осы кездерде дүниегекеліп қалыптаса бастады. Осылардың арқасында, 40-жылдардан бері қарайғы жұмыстар бұрын ашылмаған тың бірдемелерді ашу бағытында емес, жай сөйлемнің болсын, сөйлем мүшелері болсын айқындалып ашылған түрлерін кеңейте, тереңдете зерттеу бағытында жүргізілді.

Дегенмен 30-жылдардың аяғына дейінгі синтаксистік зерттеу практикалық грамматикалар шеңберінен ұзап кете алмады. Істелген жұмыстардың барлығы дәлірек айқындауды көздеді. Бұл көлемнен шығып, тілдік материалдарды жоғары оқу орындарында оқылатын теориялық курстар талабына сәйкесті жалпы лингвистикалық принциптер тұрғысына қарап шешу талабы 40-жылдардың бас кезінен басталады. Бұл онжылдық ішінде синтаксистің алуан түрлі мәселелеріне арналған 15 шақты ғылыми мақала, С.Аманжоловтың, С.Жиенбаевтың, Н. Сауранбаевтың, М. Балақаевтың еңбектері шықты. 1940 жылы С. Аманжоловтың «Қазақ тіл ғылыми синтаксисінің қысқа курсы»

Деп аталған оқулығы шығарылды. Автордың мектепке арналған оқулық жазу тәжірибесінен ұлғайған ой-пікірін білдіретін бұл кітабы Н. Я. Маррдың «Тіл туралы жаңа ілім» қағидаларын қазақ тілі синтаксисімен ұштастыруға тырысқандықтан, бірсыпыра теориялық та, практикалық та қателер жіберді. Ондай оқылықтардың біразы өз кезінде әділ сыналды. Осы оқу құралы өзгертіліп, 1950 жылы қайта басылды. Бірақ синтаксис деп аталғанымен бұл басылым түгелдей дерлік морфология мен синтаксист арасындағы аралық ұсақ категорияларды сөз еткен. 1940 жылғы басылымында кеткен теориялық қате тұжырымдар мұнда да өзгертілмеген.

1941 жылы С.Жиенбаевтың «Синтаксис мәселелері» деп аталған шағын кітапшасы шықты. Сөйлем мүшелерін жіктеу, олар арасында болатын синтаксистік қатынастар туралы айтқандары болмаса, бұл кітапшаның алға қойған негізгі мақсаты – құрмалас сөйлемді жіктеу болғандықтан, бұған құрмалас сөйлемді сөз еткен жерде тоқталамыз.

40-жылдар ішінде М. Балақаев жай сөйлем синтаксисімен біраз айналысты. Бұл саладан жазған зерттеулерін «Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем синтаксисінің негізгі мәселелері» деген тақырып төңірегінде жинақтап, 1950 жылы докторлық диссертация қорғады. М. Балақаев бұрын бар, негізі салынған белгілі мәселелерді бай тілдік материалдарға сүйене отырып, зерттеумен бірге, бұрын негізінде сөйлем мүшелерінің байланысы түрінде қаралып келген сөз тіркесін қарастырды.

1968 жылы О. Төлегеновтың «Жалпы модельді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері» деп аталған кітабы шықты. Сөйлемдегі модельдік мән қазақ тілі білімінде арнайы сөз болмаған тақырып болатын, автор аталған еңбегінде соны талдап шешуге талпынған. Модельдік мән дегеннің лингвистикада қалай анықталып жүргенін, қандай көзқарастардың барлығын шола келіп, автор өз пікірінде ортаға салады.

Сөйлеу тілі синтаксисінің практика үшін де, теория үшін де зор мәні барлығына қарамастан бұл мәселе соңғы уақытқа дейін қазақ тілі білімінде ауызға алынбай келгені белгілі. Р. Әміров 1972 жылы баспадан шыққан «Особенности синтаксиса казахской разговорной речи» деп аталатын морфологиялық еңбегінде осы проблеманы тілдік бай материалдарға сүйене отырып зерттеп шыққан-ды.

Қазақ КСР Ғылым академиясының хабарларының 1964 жылы 6-санында осы жолдар авторының «Поэзиялық шығармалардың синтаксистік құрылысы» деген еңбегі жарияланды. Бұл – қазақ тілі білімінде аталған тақырыпта жазылған тұңғыш еңбек болатын. Бұл еңбекте алуан түрлі құрылыстағы поэзиялық туындылардың синтаксисі, поэзия синтаксисінің өзіндік-кірліктері тілдік фактілер негізінде талданған. Солармен бірге, поэзияда өте жиі кездесетін, қазақ тілі білімінде бұрын-соңды сөз болмаған синтаксистік күрделі бірліктер де тұңғыш рет көтеріліп, негізгі түрлері айқындалған.

Синтаксистік синонимнің маңызды мәселе екені даусыз. Бұл мәселеге байланысты жазылған еңбектері Отандық лингвистикада аз емес. Бірақ қазақ тілінде синоним мәселесі лексика тұрғысынан болмаса, синтаксистік жақтан арнайы зерттелген емес. Тың жатқан осы мәселе М. Серғалиевтің «Синтаксистік синоним» деген атпен 1981 жылы жарияланған монографиялық еңбегі арқылы жалғанның жарығына келді. Автор қазақ тіліндегі синонимдік құбылыстарды нақтылы тілдік фактілер арқылы тәп-тәуір айқындалған.

Адамның саналы өмірі үнемі мақсатты болады. Ал осы мақсаттылықтың өзі сол саналы өмірін қамтамасыз ету үшін керек болатыны тағы белгілі. Мақсатқа жетуде адам жеке дара әрекет етіп қоймайды, қайта ол өзгелермен қарым-қатынаста болады. Шындық дүниеде біз айналадан алған әсерлеріңізді орталық нерв жүйемізде сәулелендіргеннен кейін оны сыртқа, өзгелерге жеткіземіз. Осы әрекет тіл арқылы іске асатын болды. Сондықтан зерттеушілердің қай-қайсысы да тіл – қарым-қатынас жасаудың құралы да, ал осы құралдың құрылымын, яғни ойды айтып жеткізудің негізгі формасын сөйлем ретінде тануды теріске шығармайды. Осыдан барып грамматикада сөйлем синтаксисі деген лингвистикалық термин әбден қалыптасып кеткені мәлім. Одан әрі жаңағы сөйлем дегеннің өзі ондағы айтылған ойдың түріне қарай жай сөйлем және құрмалас сөйлем ыңғайында танылады.

А. Байтұрсынұлы «Тіл - құрал» атты еңбегінің өзінде «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» десе, онда ғалым тілге дұрыс анықтама берген дей отырып, қолданылып жүрген синтаксистік қағидалардың алғашқы авторларының ұстазы болғанын байқтады. Қазақ тілі білімінің басқа да салалары сияқты синтаксиске қатысты алғашқы пікірлерді де, оның ғылыми терминдерін де А. Байтұрсыновтың «Тіл құралдарынан» кездестіреміз. «Үш жылдық» деген қосымша анықтағышы бар осы оқулығында Ахмет Байтұрсынұлы сөйлеу мен сөйлем, сөйлем мен сөз, қазірде қолданып жүрген тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер, олардың түрлері, әр мүшенің грамматикалық белгілері мен орналасу тәртібі, қай сөз таптарынан болатындығын баяндаған. Жай сөйлемдерді өз ішінен толымды, толымсыз, болымды, болымсыз, хабарлы, лепті, сұраулы, тілекті, бұйрықты деп бөлген.

Солардың қатарында С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, С. Жиенбаев, О. Төлегенов, Р. Әміров, М. Серғалиев, М. Балақаев, сияқты ірі ғалымдардың қазақ тілінің синтаксис саласына

осы ғасырдың алғашқы онжылдықтарында елеулі үлес қосқанын айрықша үлгілерден бағдар алды.

Алдымен қазақ тілінің құрылымы күрделі екенін мойындау керек. Осы күрделілік бірден пайда болған жоқ, ол жүре-бара қалыптасты. Мұндай жүйе ұзақ тарихи жолдан өтеді. Егер біз тіл мен ойдың бірлігін мойындайтын болсақ, онда қазақ тілінің бойындағы күрделілікті ойлау бірлігінен қарастыруымыз керек. Ендеше осыдан шығатын жай – қазақ тілі, оны қолдаған қазақ халқының ойлау қабілеті өзге халықтардың қай-қайсысынан да кем болмаған дей аламыз. Осымен байланысты «бұратаналардың» ойлау қабілеті «европалықтардан кем болады» дейтін зиянды тұжырымға ешбір орын қалмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Аманжолов С. Қазақ тілінің синтаксисі. – Алматы, 1993.
- 2 Амажолов С., Аманжолов А., Қосымова Г. Қазақ тілі. – Алматы, 2004.
- 3 Катембаева Б., Нұрпейісов Б. Қазақ тілінен дидактикалық материал. – Алматы, 1994.

АНАНЫҢ ТІЛІ – АРДАҚТЫМ МЕНІҢ

Қанафина Ф.Қ.,

Рысқұлов Т. атындағы Қазақ экономикалық университеті, Қазақстан

*Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған
тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.
Б. Момышұлы*

Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәрбиесі мен берген тәлімінің негізі, қатынас құралы, еліміздің болашағы. Тіл болмай сөз де, ел де болмайды. Сөз болмаса адамзаттың тірлігінде, елдің болашағында мән – маңыз болмайтыны айдан артық. Сондықтан тілдің, сөздің орны ерекше. Осы тұрғыдан қарағанда ана тіліміздің болашағын терең ойлану әр азаматтың парызы деп ойлаймын. Еліміз Қазақстан Республикасы егендік алды, тәуелсіз ел атанды. Ана тілімізге мемлекеттік мәртебе берілді. Тіл туралы заң қабылданды. Қыркүйек айында Қазақстан Республикасы халықтары тілдерінің күні ретінде атап өтіліп жүр. Еліміз егемендік алғаннан бері жыл сайын тіліміздің мәртебесі өсіп келеді. Әр мекемелерде, атап айтсақ, оқу орындарында тілге байланысты апталықтар өткізіліп тұрады.

Тіл – халықтың жаны. Тіл құрыса, қазақ халқы да жер бетінен жоғалады. Халқымыздың аса бай рухани қазынасы – туған ана тіліміз. **Ол – қазақ тілі.** Қазақ тілі – өзінің кең пейілдігімен, байлығымен кең пішілген жайдары да жалпақ тіл. Қазақ сөзі еркін шығатын, аңқылдап тұратын, биязылығымен көркем, даланың қоңыр желіндей жайдары, қазақ халқының ерекше құрметтейтін мақтанышы, ырысы, бақыты десек артық емес.

Анамның тілі – ардақтымменің! О, туған ана тілім! Ана тілі. Тіл адамдар арасындағы қатынас құралы, өйткені адамдар қоғамдық өмірде бір-бірімен тіл арқылы сөйлеседі, пікір алысады, ойын жеткізеді. Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халқымыздың өткені, бүгінгісі, ертеңі. Тіл арқылы біз оқып, білім аламыз, қалаған мамандықты игереміз. Тіл арқылы даналар сөзін оқып білеміз, содан ғибарат аламыз. «Өнер алды – қызыл тіл» деген даналы сөз осыдан шыққын болар. Тіл халықпен бірге жасайды, дамиды, өркендейді.

Ана тілің – арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте, – деп талантты ақын **Қадыр Мырза Әли** ақын ағамыз жырласа, ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі, халықтың қасиетті мұрасы.